*Түркістан облысы*
*Шардара ауданы*
*Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі*

# *Ашық сабақ*

***Сабақтың тақырыбы:*** *Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шәкірт ойы» өлеңі*

***Сыныбы:*** *6 «Ә»*
***Пән мұғалімі:*** *Айтенова Айнур*

***Шардара***

***2023 оқу жылы***

Ш.Уәлиханов атындағы ЖОМ
(білім беру ұйымының атауы)

**Қысқамерзімді жоспар**

С.Торайғыров «Шәкірт ойы» өлеңі
(сабақтың тақырыбы)

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **3 – бөлім. Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...** |
| Педагогтің аты-жөні: | **Айтенова Айнур Муслимовна** |
| Күні: | 02.01.2023 ж |
| Сынып: 6 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | С.Торайғыров «Шәкірт ойы» өлеңі. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | **6.1.2.1** әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар үшін:***<br>Білім алушылар С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы ажыратып, түсіндіре алады. Тапсырма орындау барысында өз білімдерін көрсетеді және тың ақпараттар алады. Ұжымдық, жұптық және жеке жұмыстарды ауызбіршілікте жасай алады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту<br>8 минут | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. **«Шульманның үш көмекшісі»** әдісі арқылы оқушыларды сыныпқа кіргізеді;<br>2. Оқушылармен амандасып, түгендейді. Сынып реттілігін қадағалайды.<br>3. Берілген билеттеріндегі қатар реті бойынша топтастырады.<br>4. Өткен тақырыпты пысықтау мақсатында **«Шыбын ұрғыш»** әдісі арқылы сұрақтарға жауап алады<br>**Сұрақтар:**<br>1. 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген ақын<br>**2.** Сұлтанмахмұт қай кезден | 1. Сыныпқа кіреді, мұғаліммен амандасып, сабаққа дайындалады;<br>2. Жүрек ,қол,бас бойынша топтасады;<br>3. Өткен тақырыпты қайталау мақсатында **«Шыбын ұрғыш»** арқылы мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді:<br>**Жауаптар:**<br>1.Сұлтанмахмұт<br>2.1912 жылы<br>3.Семей<br>4.Кедей<br>5.Айтыс<br>Адасқан өмір<br>Шығамын тірі болсам адам болып<br>Шәкірт ойы<br>Алаш ұраны<br>6.Сұлтанмахмұттың | **Мақсаты:**<br>Барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:**<br>Оқушылардың бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.<br>**Дескрипторлар:**<br>- Сұрақтарға дұрыс жауап береді;<br>- Жылдамдық | <br><br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әдебиетпен айналысуы, өлең жаза бастайды?<br>3.1915 жылы қай калаға оқуға түсуге барады?<br>4. Сұлтанмахмұттың поэмалары<br>5. Сұлтанмахмұттың өлеңдері<br>6. Шоқпыт кімнің әкесі?<br>7. Сұлтанмахмұт Троицк қаласында қашан оқиды?<br>8. Сұлтанмахмұт қай қалаға оқу қуып барғанында, оқуға түсе алмайды?<br>9. Мен балаң жарық күнде сәуле қуған. Қай өлеңінен үзінді?<br>10. Шоқпыттың шын есімі кім?<br>11. Адамдықтың жолына, Бастаған ерлер соңында. Қай өлеңінен үзінді?<br>12. 1917 жылы сыркатына байланысты қай қалаға қайта оралады? | 7.1912жылы<br>8.1915 ж Семей<br>9.Шығамын тірі болсам,адам болып<br>10.Әбубәкір<br>11.Алаш туы астында<br>12.Семей қаласына | танытады;<br>-Ойын жүйелі жеткізеді;<br>**ҚБ: «Қошеметтеу »** | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br> | **Мағынаны ашу: «Сыр сандық»** әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын болжатады, мақсатымен таныстырады<br><br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | **Айтылым.** Сандықтан ашылған сөздер арқылы жаңа сабақты болжайды. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді.<br>**Дескрипторлар:**<br>- Сөздердің мағынасын ашады;<br>- Жаңа тақырыпты болжайды;<br>**ҚБ: «Қошеметтеу»** | <br><br> |
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>28 мин.<br>Топтық жұмыс | **№1-тапсырма. «Бірге ойлаймыз»** әдісі арқылы әр топқа оқулықтағы мәтіндерді оқуды тапсырады. Мәтінді оқытып, көтерілген мәселені | **№1-тапсырма.** Топ мүшелерімен бірлесе мұғалім ұсынған оқулықтағы өлеңді оқиды. | **Мақсаты:** Жылдам әрі сыни ойлануды дамыту жұмыс жүргізуге бейімдеу.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық | <br><br>А4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анықтауды және кестені толтыруды ұсынады. Ойларын толықтыру үшін жетекші сұрақтар қойып өтеді.<br>1-топ:<br>2-топ:<br>3-топ:<br> | Көтерілген мәселені бірге ойлай отыра анықтайды. Кестені толтырады | дағдысы артады. Ынтымақтастықта бірге жұмыс жасайды. Бір біріне көмек береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Оқушылар топ ішінде талқылайды, ойларын айтады, диалог құрады.<br>**Дескрипторлар:**<br>• Мәтінді мұқият оқиды;<br>• Көтерілген мәселені нақтылайды және анықтайды;<br>• Кестені ұқыпты толтырады;<br>**ҚБ: «Қошеметтеу»** | форматта қағаз, фломастер<br> |
| **жұптық жұмыс**<br> | **№2-тапсырма: «Спиннер»** платформасы арқылы жұптастырады. Оқушыларға өлеңнен үзінді таратады, өлеңнің кімге арналғанын және неге арналғанын анықтауларын тапсырады. | **№2-тапсырма:** Берілген үзіндінің кімге және неге арналғанын, астарлы ойын анықтайды. | *Дескриптор:*<br>-Үзіндіні оқиды;<br>-кімге арналғанын айтады;<br>-неге бағытталғанын нақтылайды;<br>-астарлы ойын анықтайды;<br>**ҚБ: «Қошемет !»** | Қима қағаз Фломастер<br> |
| Жұптық жұмыс<br> | **3-тапсырма: «Спиннер»** платформасын бірнеше рет ауыстыра отырып, жұптастырады. Берілген тест сұрақтарын орындайды | **3-тапсырма:** Жұптарымен мұғалім ұсынған тест тапсырмаларын орындайды | ***Дескрипторлар:***<br>- Дұрыс жауабын береді;<br>- Жұппен ақылдаса жұмыс жасайды;<br>**ҚБ: «Қошеметтеу»** | Тест тапсырмалары<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>8 мин.<br> | **«ПОПКОРН»әдісі.**<br>**Кері байланыс**<br>Мұғалім сабақты қорытындылайды,<br><br>**Рефлекция.**<br>**«Араның ұясы» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қо-рытындылау макса-тында оқушылардың сабаққа деген көзқа-расын, рефлексиясын қима қағазға жазып, араның ұясына жап-сыруды тапсырады.<br>Сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балын күнделіктеріне қойып береді.<br>Үйге тапсырма: «Шәкірт ойы өлеңін жатқа оқу» | Мұғалім бекітуге ұсынған сұрақтарға жауап беріп, бағаланады.<br><br>Араның ұясына бүгінгі сабақтан алған әсерлерін жазып, іледі.<br><br>Сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай өзіне тиісті балын күнделіктеріне қойдырып алады. | ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді |  |

**02.02.23 жыл.Тексерілді:** [signature]


МЕТАЛДАРДЫҢ
Li, K, Ba, Ca, Na, Mg, Al, Mn, Cr,

